Бекітемін

| | |
|---|---|
| : | |
| | |
| Күні: | 2 қыркүйек 2024 жыл |
| Сынып: | 8 "В" Бисембаева А. Ж |
| Сабақ тақырыбы: | Мектебім-мейірім мекені |
| Сабақтың мақсаты: | Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру;<br>Мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білімқұмарлыққа шақыру. |
| **Қауіпсіздік мақсаты** | оқушыларға төтенше жағдайлар қызметі не үшін арналғанын және олардыңжұмыс істеу тәртібімен таныстыру. |
| **Қауіпсіздік міндеті** | 1) Оқушыларды жедел қызмет түрлерімен таныстыру, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін, жол жүру ережелерін сақтаудың маңыздылығын және өз денсаулығын сақтау жайлы түсіндіру.<br>2) Зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамытуға ықпал ету.<br>3) Оқушыларды өмірлік қиын жағдайда үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігіне тәрбиелеу; төтенше жағдайларда баланың мінез-құлқының қауіпсіз үлгісін қалыптастыру. |
| **Құндылықты дамыту** | Ұлттық мүдде, патриотизм, ынтымақтастық. |
| **Апта дәйек сөзі** | Білім – қымбат қазына, қанағат түтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Психологиялық ахуал туғызу**<br>Сәлемдесу. Гимн орындалады . | Мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беріп, диалогқа қатысады. Сыныпта жағымды ахуал қалыптасады. | доп |
| Сабақтың ортасы<br>20 минут | Тақырыпқа назар аударылады.<br>**«Мектебім-мейірім мекені»**<br>-Осы тақырып туралы не айтуға болады? Қандай сөздер түсінікті? Қай сөздермен жұмыс жасауымыз керек деп ойлайсыңдар?<br>Ақын-жазушыларымыз оқу-білім туралы не айтқанын есімізге түсірейік.<br>**Тақтадағы көрнекіліктермен жұмыс жасау:**<br>-Мектепте кімдер жұмыс жасайды?<br>-Оқушылар өздерін қалай ұстау керек?<br>-Бүгін қандай күн? Несімен ерекше?<br>-Мектептен не үйреніп жатырсыңдар? | Тақырыпқа назар аударады.Мағынасы бойынша өз ойларын айтады.<br><br>Қойылған сұрақтарға жауап берді. Өткен сыныптағы материалдар бойынша білім, оқу, мектеп туралы шығармаларды еске түсіреді.<br><br>Мәтінді тыңдайды. Талдайды.Өз ойын қосады.Ақсақалдың сұрағына жауап | Слайд<br><br>Суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| -Білімқұмарлықты қалай түсінесің?<br>**Астарлы әңгіме**<br>Жол бойында аяңдап келе жатқан ақсақалдың алдынан бір топ жігіт шығып, әлгілердің біреуі ғана:<br>"Ассалаумағалейкұм, ата!" деп амандасқанда, ақсақал:<br>"Уағалейкұмассалам. Шырағым, неге жалғыз өзің жүрсің?"- деген екен.<br>-Атай неге қызық сұрақ қойды?<br>-Жігіттер қандай қателік жасады?<br>-Қатені қалай түзеуге болатыны туралы ойлан.<br>-Сен қандай мейірімді сөз қолдандың?<br>-Тағы қандай мейірімді сөздерді білесің?<br><br>**Әлемдегі ең тамаша «мамандық»**<br>Бір кісі жұмысқа тұруға келеді. Оған жұмыс беруші адам оның жұмысын түсіндіреді.<br>-Сіз 365 күн жұмыс жасайсыз. Демалмайсыз. Үш мезгіл тамақ ішуге аз ғана уақытыңыз бар.Адамдар сізге мұңын шағады, ұрсады, көмек сұрайды,сіз бәрін тыңдайсыз, көтересіз. Бұл жұмыс сізге ұнайды.<br>-Бұл жұмысты жасап жүрген адамдар бар ма?<br>-Бар. Мұндай адам өте көп. Олар әрі ақша алмайды, тегін жасайды.Олардан тек бір нәрсе ғана талап етіледі. Ол-мейірімділік қана.<br>-Кешіріңіз, сіз қандай жұмыс туралы айтып тұрсыз?<br>-Шынында демалыссыз, тегін жасалатын бұл қандай жұмыс?<br>-Әр адам мейірімділікті ең әуелі қайдан алады?<br>-Қайда жалғастырады?<br>**«Мейірімділік» сөзіне топтастыру құрастыру** | іздейді.<br>Мұғалімнің қойған сұрақтарына да жауап іздейді.<br><br>Мәтінді тыңдайды, талдауға қатысады. Сұрақтарға бірлесе отырып, бұл мамандықтың иесін анықтайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Топтастыру құрастырады. | Мәтін<br><br>Мәтін<br><br>Стикер маркер |

Ұғымдарды түсіндіру: Жедел қызметшақырған кезде диспетчерге не айту керек? Мекенжайды, нысанды, жағдайды көрсету, қажет болған жағдайда фамилияңызды және телефон нөміріңізді көрсету қажет. Төтенше жағдайлар қызметінің негізгі түрлерінің иллюстрацияларын көрсетіңіз. Төтенше жағдай туралы хабарлау неліктен маңызды? Оқушыларға жалған қоңырау ойыншық емес екенін, оның салдары өте ауыр болатынын түсіндіру. Сақтық шараларының қарапайым мысалдарын келтіріңіз. Қазақстанда кез келген ұялы байланыс операторының пайдалы жедел қызмет нөмірлері мен қала нөмірлері тегін беріледі*:*

| | |
|---|---|
| Өрт күзеті | 101 |
| Полиция | 102 |
| Төтенше газ қызметі | 104,112 |
| Жедел жәрдем | 103 |
| Бірыңғай құтқару қызметі | 112 |
| «111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды 111 - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста. | 111 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 минут | «Жест» әдісі арқылы кері байланыс алу.<br>**Рефлексия:**<br>«БББ» әдісі<br>**Қорытындылау** | Өзара келіскен жест бойынша кері байланыс береді.<br>Кестені толтырады | Стикерлер қалам |

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№24 мектеп-лицейі» КММ-сі

# СЫНЫП САҒАТЫ

**Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық» «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар»**

**Сыныбы: 8 «Ә»**

**Сынып жетекшісі: А.Ж.Бисембаева**

2024-2025 оқу жылы

## САБАҚ. «САЯХАТ КЕЗІНДЕГІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР (ӨРТ,ЖЕР СІЛКІНІСІ, СУ ТАСҚЫНЫ)»

ҳ мақсаты: саяхат кезінде төтенше жағдайларда (ТЖ) дұрыс әрекет етугежәне пайдалы әдеттерді ұйрету.

індеттер:

аларды төтенше жағдайлардың түрлерімен және олардың ерекшеліктеріментаныстыру.

енше жағдайлар кезіндегі негізгі әрекеттерді (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі жәнет.б.) ірыныз.

оды саяхат кезінде төтенше жағдай жоспарын құруға үйрету.

иалдар мен ресурстар

исалдарымен таныстыру.

ағдайына арналған іс-қимыл жоспары бар үлестірме материалдар.

рда жұмыс істеуге арналған аймақ карталары.

ікалар бойынша ТЖ жағдайларын талдау.

ңтың барысы

пе (2 минутқа дейін)

згі бөлім

нше жағдайлар: дауыл, жер сілкінісі, жел, өрт, су тасқыны.

енше жағдайларды қандай 2 топқа бөлуге болатынын ойлаңыз?

| биғи апат | Адамның әрекетінен болатын жағдайлар |
|---|---|
| ер сілкінісі | химиялық заттармен улану |
| ел | ұшақ апаты |
| ауыл | кеме апаты |
| іабуыл | өрттер |
| у тасқыны | шабуылдар |

Өрт – бұл бақылауға алынбайтын жану үрдісі, адам өмірі мен денсаулығына,материалдық құндылықтарды жоюға қарай сүйемелдейтін тілсіз жау.

Өрттің негізгі әсер етуші факторлары:

қоршаған ортаның жоғары температурасы;

түтін құрамында улы заттар бар;

түтін салдарынан көрінудің жоғалуы.

Өрт кезінде не істеу керек:

Өрт кезінде 101 нөміріне қоңырау шалу керек.

Өрт сөндіру: эвакуация, өрт шығу жолдарын пайдалану.

Су тасқыны: биік жерлерді іздеу, жертөлелерден аулақ болу.

Жер сілкінісі: күшті заттардың астында баспана, ашық кеңістікті пайдалану.Топтық жұмыс: нақты сценарий үшін төтенше жағдай жоспарын құру.

«Сөйлемді аяқта» ойыны

«Сөйлемді аяқта» ойыны бізге осы ережелерді есте сақтауға көмектеседі.

| | |
|---|---|
| Өрт болғанда | 101 |
| Сіріңке балаларға | ойыншық емес |

| | |
|---|---|
| ...н түтіннен | қашу керек |
| ...ция нөмірі | 102 |
| ...ел жәрдем нөмірі | 103 |
| ...н шыққан бөлмеде | еңкейіп жүру керек |
| ...рмен ластану қаупінен қашу | жердің төменгі бөлігінде |

...кезіндегі ережелер

...ге сақта!»

| | |
|---|---|
| Өрт күзеті | 101 |
| Полиция | 102 |
| Жедел жәрдем | 103 |
| Төтенше газ қызметі | 104,112 |
| Бірыңғай құтқару қызметі | 112 |
| «111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы,баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br><br>«111» нөмірі – 24/7 байланыста<br>«111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды<br>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жеделтоптарымен байланыста. | 111 |

Төтенше жағдайда тез, мұқият әрекет ету керек, қырағы және сақ болу керек.Команда бойынша сізге қажет:

1. Таңғышты кию.
2. Портфельдер/сөмкелер алу.
3. Белгіленген нүктеге өту.
4. Орнына оралу.

Педагогтің бұйрығымен балалар орындарын ауыстырып, орындарына оралады.

3. Қорытынды

- Сабақты қорытындылау.
  - ТЖ жағдайына арналған іс-қимыл жоспары бар жадынамаларды тарату. Пайдалы сілтемелер:
    https://drive.google.com/file/d/19wpRcA_4fC0LL70sxwitJ7bs0-7zZIBq/view
    https://drive.google.com/file/d/1Evig09Ds3VRYA6K5uSMFkNUqjpkj9abH/view
    https://youtu.be/HBgZoMfOcIE?si=EZJu9AyOvXc6UNRO

Тақырыбы: Отбасы сыйластығы

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Түрі: Ой бөлісу.

Әдісі: « Жүректен — жүрекке» шеңбері, ой қозғау, «Ашық микрофон», топтық жұмыс, «Конверттегі сұрақтар», пікір алмасу.

Жетекші:

-Балалар, біз бүгін керемет бір ғажайып әлем туралы әңгімелесеміз. Қалай ойлайсыздар, ол әлем қандай әлем болуы мүмкін? Қане ойлап көріңдерші. Ол бір өзі кішкентай ғана шағын мемлекет.

Жауап: «Менің жанұям» ,«Отбасы».

-Ол мемлекет қандай болуы мүмкін?

Жауап: Бақытты, тату, өнерлі, үлгілі.

I. « Жүректен — жүрекке» шеңбері.Ал, ендеше оқушылар ортаға шығып, шеңберге тұрып өз жанұяларыңның жақсы бір қасиеті жайлы айтып өтіңіздер.

Отбасы — адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.Отбасының екі тірегі — әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу — біздің борышымыз. Ата — ана — отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана — отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.

Келесі кезеңіміз «Ашық микрофон» деп аталады. Бұл кезеңде оқушылар сіздерге отбасы туралы бірнеше сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтуларыңыз сұралады.

Сұрақтар:

1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Отбасының басшысы кім?
3. Отбасы қандай болуы керек?
4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма?
5. Сен қандай отбасын армандайсың?
5. Өз отбасыңа көңілің тола ма?
7. Отбасын неліктен жақсы көресіңдер?

Отбасым — менің жүрегім

Отбасым — менің тірегім

Отбасым – менің Отаным

Тек сен деп соғар жүрегім – дегендей, отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы.

III кезеңіміз «Менің отбасым – менің байлығым». Бұл кезеңде

1-топ. Отбасы туралы өлең жолдарын айтады.

2-топ, «Менің бақытты жанұям» тақырыбында эссе жазады.

3-топ. Отбасы туралы мақал-мәтелдер айтады.

Бейнебаян «Отбасы құндылығы»

1.Бейнебаяннан не байқадыңыз?

2.Қандай тұжырымға келдіңіздер?

3. Бір сөйлеммен түйіндеңіз?

Отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала өміріне әсеретеді. Қазақ салтында отбасы тәлімі – ерекше дәстүр. Отан отбасынан басталады, – деген нақыл сөз бекер емес. Адам өзінің ұрпағынан елді сүйсіндірер ұлы істерді тыңдырса деген мақсатты нысана етеді, үміт артады. Сол нитепен жақсылыққа баулиды. Отбасы қоғамның негізгі бөлігі, ұрпақтар тарихи сабақтастығының, мәдениеттің, рухани құндылықтардың қазынасы болып саналады. Өнегелі отбасы арақсында мемлекет те өркендейді, халықтың әл-ауқаты жақсарады.

Бекітемін

| | | |
|---|---|---|
| Тәрбие сағаты | Буллингтен қорған | |
| **Күні** | 16.09.24 | |
| **Класс жетекші:** | Бисембаева А | |
| **Класс:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)** | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 3-САБАҚ:**<br>*8- сыныптар: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»* | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Оқушыларға буллинг, зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. | |
| **Қауіпсіздік мақсаты** | интернеттегі жас шектеулерінің маңыздылығын және оның балалардың қауіпсіздігіне әсерін түсіну. | |
| **Қауіпсіздік міндеті** | 1. Жас шектеулерінің не екенін және олардың не үшін бар екенін түсіндіру.<br>2. Балаларды интернеттегі жас шектеулерін тануға және сақтауға үйрету.<br>3.Жас шектеулерін бұзуға байланысты қауіптердің мысалдарын қарастыру. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. | |
| **Апта дәйек сөзі** | **Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)** | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | ***Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары*** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | « Бала дегеніміз -болашақ» деген екен француз жазушысы Гюго Виктор Мари. Бала періште дейді. Олардың пейілі, ниеттері қандай тұйық болса, көңілдері сондай мөлдір! «Адамның бір қызығы бала деген »-деп Абай атамыз айытқандай, мынау тіршілікте адам баласының алтынға айырбастап ала алмайтын аяулы сәттері көп-ақ. Халқымыз желкіндеп өсіп келе жатқан қыз баланы елдің көркі санаса, ал ер баланы елдің қорғаны санаған. Балалық шақ адам | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орын дарына отырады. | *Компьютер* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өміріндегі ұмытылмайтын қызықты да бақытты кезең. | | |
| Сабақ басы (13 мин) | Қоғамда «буллинг мектеп оқушылары арасында ғана болады» деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, кез келген жастағы адам үйде, көшеде, жұмыста, оқу орнында, қысқасы, барлық жерде буллингпен ұшырасуы мүмкін.<br>Буллинг деп көп жағдайда бір адамның бір адамды қорқытып-үркіткенін, қудалауын атайды. Ал құрбанға топ болып әлімжеттік жасауды **моббинг** дейді.<br>Буллингтің негізгі төрт түрі бар. Олар: сөзбен қорқыту, күшпен қорқыту, реляцион түрі және кибернетикалық буллинг.<br>Буллингтің **күш көрсету арқылы жүретін түрі** адамның тәніне зиянын тигізеді, оның дүние-мүлкіне зардап әкеледі. Мәселен, иықпен қағып өту, ұру, төбелесу осы қатарда. Әдетте буллинг басқалай басталып, ақыр соңында күш көрсетуге алып келеді. Күш көрсету — өлімге апаруы мүмкін өте қауіпті буллинг түрі.<br>**Сөз формасындағы буллингте** адам ауызша айқаймен, дауыс көтеру арқылы және күліп, кекетіп-мұқату арқылы зорлық көрсетеді. Құрбанды қорлап, оның намысына тию, сыртынан ол туралы өтірік айту, өсек тарату, дөрекі сөйлеу, жәбірлеу сөз түріндегі буллингке кіреді.<br>**Relational буллингті** кейде әлеуметтік агрессия деп те атайды. Бұл – бір адаммен қарым-қатынас құру арқылы оған зиян келтіру, кемсіту. Сондай-ақ реляцион буллинг | Біз еліміздің тәуелсіздігінің арқасында бақытты балалық шақты өткізудеміз. Біздің алаңсыз білім алуымызға, бақытты балалық шағымызға барлық жағдай жасалған. Біздің ойымызша балалық шақ дегенде –қуанышты, қызықты күндер, жақсы көретін ойыншығың есіңе түседі.<br>Мен осындай бейбітшілік орнаған елде туып-өскеніме ризамын. Адамдар бала кезінде балалық шақтың бал дәмін татуы тиіс. Біздер қазір бақытты болып өсіп келеміз. | *Презентация* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түсінігін бір адам басқа жанның репутациясына кір келтіргісі келген, оның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіруді ойлап жасаған әрекетін сипаттағанда да қолданады. Relational буллинг сырт көзге жақын араласатын адамдар боп көрінетін ортада болуы мүмкін. Сондықтан ол ұзақ уақыт басқа адамдарға байқалмай, бірнеше жылға <u>жалғаса береді</u>. | | |
| Ортасы (20 мин) | Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Бірақ сол уайым-қайғысыз бақытты өмірге қол сұғып, қысым көрсетіп, жәбірлеп жататындар бар. Бұл - бүгінгі қоғамның ащы да болса шындығы. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы».<br><br>Зорлықтың қандай түрлері сендерге белгілі? (қара бұлттарға түрлерін жазып ілу).<br><br>«Балалық шақ зорлық – зомбылықсыз» болу үшін не керек.( қара бұлттарды , көк бұлтпен ауыстыру) | - <u>Эмоциялық зорлық</u> – балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу;<br>- <u>Физикалық зорлық</u> – отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық;<br>- <u>Қауіп-қатер</u> – отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу;әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, қорқытатын жолдауларды беру үшін балаларды қолдану.<br>Әрқашан қамымызды ойлап жүре тұғын абзал жанды адам, бұл – ана.<br>Алдыңа қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын. Ана баласының үлгілі азамат боп өсуі үшін бар күшін салып, тер төгеді. Ананың махаббатына, құдіретіне тамсанған талай ақын әнін арнап, жырын жазып, талай жазушы қалам тербеген. | *Презентация* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қорытынды Сабақты қорытындылау Карточкалар 1. Жеке ақпаратты қалай дұрыс басқаруға болады? 2. Оны кімге және қандай көлемде беруге болады? Жадынама. Жас шектеулерін сақтау және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық бойынша кеңестер. «Қазақстан – бейбітшіл, ұлтаралық достықтықты сақтаған, адамгершілікті қоғам, жарастықты қарым-қатынас , әрбір отбасы үлгілі , балалары тәртіпті, зорлық-зомбылық жасайтын адамдардан арылған , балаларға әрдайым қамқорлық жасай білетін , баланың абыройы мен құқықтарын құрметтейтін ел» болды. | XXI ғасыр, қазақ халқының ғасыры болсын.<br>Қазақ елім мәдениетті дамыған ел болсын.<br>Қазақстан тәуелсіз егемендігін сақтасын.<br>Елде бейбітшілік орнасын.<br>Данышпандардың саны көбейе берсін.<br>Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын.<br>Сыр елдермендостығымызныгая берсін.<br>Экономикамызөрге бассын<br>. | *презентация* |

Бекітемін:
Бил

| | | |
|---|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | | |
| **Күні** | 23.09.2024 | |
| **Сынып жетекші:** | 8 „Ә" | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>**«Еңбек түбі береке»**<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>**№ 4-САБАҚ**<br>8- сыныптар: Менің қандай құқығым бар?» | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Оқушылардың еңбек туралы білімдерін кеңейту, ұғымдар қалыптастыру. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке, үнемді болуға, еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарауға тәрбиелеу<br>Қауіпсіздік сабақтың мақсаты:оқушыларды олардың құқықтары мен міндеттерімен, сондай-ақ оларды қорғау тетіктерімен таныстыру. Негізгі міндеттер: 1. Балалар мен жасөспірімдердің негізгі құқықтарын қарастыру. 2. Құқықтарды қорғаудың қандай тетіктері бар екенін түсіндіру. 3. Балаларды құқықтары бұзылған жағдайда көмек сұрауға үйрету. Материалдар мен ресурстар: - Бала құқықтарының мысалдарымен таныстыру. | |
| 4-апта дәйексөзі: | Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) | |
| Сабақтың барысы | | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Психологиялық ахуал<br>Бір түрлі кәмпит алғандарды 1-топқа «», ал екіншісін таңдағандарды 2-топқа «» тобына бөлемін.<br><br>“Еңбек”, “Еңбексүйгіштік”деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?<br>Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?<br>Қандай адамды еңбекқор дейміз?<br>Сендердің қазіргі негізгі еңбектерің қандай? | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуал**<br><br>Оқушылардың пікірі тыңдалады | Компьютер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бақ басы<br>мин) | Ия, балалар бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз еңбек тақырыбында болмақ. Қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. «Еңбек» сөзіне тоқталайық. Еңбек адамды тәрбиелейді, қуаныш сыйлайды, жігерлендіреді, шынықтырады, пайдалы өмір сүруге үйретеді. Адамның адам болуында еңбек шешуші роль атқарған. Адамзат еңбекті, еңбектің құралдарын жетілдіре отырып, өзі де жетіліп кемелдене берген. Сондықтан қоғамның даму тарихын еңбек пен еңбек құралдарының өзгеру, жетілу тарихы деуге де болады. Тіршілік жағдайының қиындауы еңбекті күрделендірді. Еңбектің арқасында табиғат заттарын еңбек құралы етіп, отты сөндірмей пайдаланды, топтасып аң аулады, бір-біріне көмектесті.Ф. Энгельс айтқандай «Адамды адам еткен-еңбек»<br><br>**-Балалар «Еңбек құралдары» атасақ**<br>**Еңбек құралдары:**<br>**Ұста құралы:**<br>**Шаруа құралы:**<br>**Тігінші құралы:**<br><br>**Шығармашылық жұмыс**<br>Оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс істейді.<br>1 – топ. Еңбек туралы мақал – мәтелдер жазып, мағынасын түсіндіреді.<br>2 – топ. «Еңбек – түбі мереке» әңгіме құрастыру немесе эссе жазу. | **Еңбек құралдары:** Кетпен, орақ, күрек, балға, төс, ине, біз, қысқыш, жіп.<br>**Ұста құралы:** балға, төс, қысқыш.<br>**Шаруа құралы:** кетпен, орақ, күрек.<br>**Тігінші құралы:** ине, жіп, біз.<br><br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br><br>Еңбектің наны тәтті,<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br><br>Еңбекпен ер өседі,<br>Егізден төл өседі. Еңбексіз ел кезгенің,ар үяттан безгенің.<br><br>«Еңбек түбі – зейнет», «Жақсы жұмыс – жанға тыныс», «Еңбексіз өмір – сөнген көмір», «Еленген еңбек өнімді» | суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| асы (10<br>і) | Мысалдарың тамаша! Жануарлар да еңбектенеді екен. Бірақ қанша еңбектенгенмен адам еңбегінің олардан зор айырмасы бар ғой.<br><br>Қандай айырмасы бар? Адам еңбегі оймен, санамен, ақылмен істеледі. Табиғат заттарын өңдеп, өзіне қажет, табиғатта кездеспейтін бұйымдар жасайды.<br><br>Адамнан басқа қандай жануарларнайшам жасап қараңғыны жарық етеді?<br><br>Оқушылардың мектептегі және қоғамдық пайдалы іс- әрекеті оның кейін әлеуметтенуіне үлкен әсерін тигізеді. Мамандық таңдауына, рухани құндылықтарға ие болуына, әр түрлі адамдармен араласуға, мінезінің қалыптасуына әсер етеді.<br><br>Енді оқушылардың сіздерге қояр сұрақтарымыз бар. Сол сұрақтарға кезек берейік.<br><br>1.Өз мамандығының шебері болу үшін адам өзін-өзі қалай дайындау керек деп есептейсіз?<br><br>2. Өзіңізді еңбекқормын деп санайсыз ба?<br><br>Еңбек қорлық адамды қандай қасиеттерге баулиды?<br><br>3. «Адал еңбек» деген ұғым нені білдіреді?<br><br>4. «Еңбектің жемісі» дегеніміз не? | Еңбектену тек адамға ғана тән деген пікірмен келіспеймін. Жануарлар да дамыл таппай еңбектенеді ғой. Жануарлар қалай еңбектенеді екен?<br>Алдымен соған мысал келтірсеңші, сонда ойың дәлел болар еді ғой. Сен «Құмырсқа елінде» деген әңгімені оқыған шығарсың. Құмырсқа илеуінің ішінде қаншама «бөлмелер» бар. Әр бөлмені пайдалану ретіне қарай «аналық құмырсқа бөлмесі», «балалар бөлмесі», «азық қоймасы» т.б. деп атауға болады. Сондай-ақ бал арасының қалай ұя салатынын айтсақ та жетпей ме? | |
| (10 мин)<br><br>Соңы<br><br>(5 мин) | ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ<br>№ 4 САБАҚ. «МЕНІҢ ҚАНДАЙ ҚҰҚЫҒЫМ БАР?»<br>Сабақтың барысы 1. Кіріспе (2 минутқа дейін) Баланың қандай құқықтары бар? Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заңы (бұдан әрі – заң мәтіні бойынша) кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындайды, сондай-ақ олардың құқықтары бұзылған жағдайда жүгіну тәртібін регламенттейді. Баланың өмір сүруге, қорғауға, денсаулығын қорғауға, тұрғын үйге, білім алуға, даралық және оны сақтау құқығына, мемлекеттік көмекке | «ҚазақстанРеспубликасындағыБала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылы8 тамыздағы№ 345 Заңы 15-бап Баланың білім алу құқығы<br>16-бап Баланың еңбек бостандығына құқығы 16-1-бап Баланың экономикалық қанаудан қорғау құқығы<br>17-бап Баланың мемлекеттік көмекке құқығы 19-бап Баланың демалуға және демалуға құқығы | Презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құқығы бар. «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, №15, 16, 16-1, 17, 19, 20, 35, 36, 37, 38, 39-1 баптар.<br>➢ отбасында өмір сүру және тәрбиелеу;<br>➢ оның ата-анасы кім екенін білу;<br>➢ ата-аналардың тәрбиесіне, ал олар болмаған немесе ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда-қорғаншының, қамқоршының немесе балалар мекемесінің тәрбиесіне;<br>➢ жан-жақты даму;<br>➢ адамның қадір қасиетін құрметтеу;<br>➢ ата-анасымен, әжесімен, атасымен, ағаларымен, әпкелерімен және басқа туыстарымен қарым-қатынас жасау;<br>➢ өз пікірін білдіруге арналған өтініш;<br>➢ тегі, аты, әкесінің атын алуға арналған құжат. Балалардың құқықтарын қорғау ұйымдарының байланыстары бар үлестірме материалдар.<br>2. Негізгі бөлім (6 минутқа дейін) Зерттеу (шығармашылық зертханадағы жұмыс) Білім алушыларға қажетті ақпаратты зерделеу және іріктеу қажет. ҚР Конституциясының баптарын зерделеу кезінде әрбір топ өз бөлімін келесі кестеде толтырады: Азаматтық құқық Саяси құқық Әлеуметтікэкономикалық құқық Мәдени құқық - Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы талқылау. - Негізгі құқықтардың мысалы (білім алу құқығы, медициналық көмек, қауіпсіздік және т.б.). - Құқықтар бұзылған жағдайда не істеу керектігін талқылау. - Балалардың құқықтарын қорғайтын ұйымдардың мысалдары (Бала құқықтары жөніндегі комитет, ювеналды полиция, балалар омбудсмендері). 3. Қорытынды - Сабақты қорытындылау. - Өз құқықтарыңызды қорғау бойынша кеңестер және көмекке қайда жүгіну керек (жадынамада).<br><br>Сұрақ–жауап.<br>1. Сонымен адам өміріндегі маңызы қандай?<br>2. Еңбектің пайдасы қандай?<br>3. Еңбек арқылы танылған қандай адамдар бар екен.<br>4. «Еңбек – ер атандырады» деген мақалдың мағынасы қандай?<br>5. Еңбек туралы қандай мақал–мәтелдер бар екен? | 20-бап Баланың міндеттері<br>35-бап Бала және дін<br>36-бап Баланы әлеуметтік ортаның теріс әсерінен қорғау<br>37-бап Баланы алкоголь өнімдері мен темекі өнімдерінің зиянды әсерінен қорғау<br>38-бап Баланы психоактивті заттардан, күшті немесе улы заттардан қорғау<br>39-1-бап Балаларға, он сегіз жасқа дейінгі адамдарға тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімнің таралуын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ойынсауық орындарында болу тәртібін мемлекеттік бақылау Сонымен қатар, баланың негізгі құқықтары бойынша құқықтар анықталған:<br><br>Біздің әрқайсымыздың адал еңбек етіп, ер атануға мүмкіндігіміз бар. Ол үшін жақсы оқып, еңбек сүйгіш болып өсуіміз керек.Еңбектің бағасын біліп, қастерлей алуымыз керек. | https://drive.google.com/file/d/1wmwTmpH3kzXagil-u_QHoy6a-GAs3lAh/view<br>https://youtu.be/nuFxGnJUWGc?si=VrnUmbx2IXXfcY2S |

Бекітемін! Батик

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

| Тәрбие сағаты | | |
|---|---|---|
| Күні | 30.09.24 | |
| Сынып жетекші: | Бисимбаева А | |
| Сынып: 8 „Ә" | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Қамқор» жобасы**<br>**«Қоғамға қызмет ету»** волонтерлық қызмет.<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>*8 – сыныптар:* <u>№ 5 САБАҚ. «НЕЛІКТЕН ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАРДА АТААНАЛАРҒА СЕНУ МАҢЫЗДЫСабақтың</u> | |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушылардың бойына халқымыздың кадір-касиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу. | |
| Қауіпсіздік мақсаты : | Сабақтың мақсаты: қиын жағдайларда ата-аналармен сенімді карым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру.<br>Негізгі міндеттер: 1. Ата-ана қолдауының маңыздылығын көрсетіңіз<br>2. Сенім қиындықтарды жеңуге қалай көмектесетінін талқылаңыз.<br>3. Ата-аналармен сенімді қарым-катынас орнату бойынша кеңестер әзірлеу. | |
| Дәйексөз | Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! | |
| Сабақтың барысы | | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Психологиялық ахуал<br><br>**Ой қозғау**<br>***Тақырып ашу.***<br><br>**Волонтер деген кім?**<br>**Волонтердың еңбегіне ақы төленеді ма?**<br>**Сіздің қоғамында волонтер болғыңыз келе ме?**<br>**Қарт кісілерге қалай көмектесе аламыз?**<br>**Оқушылардың карт адамдарға көмектескені дұрыс па?**<br><u>Өзің карттарды қалай құрметтейсің</u>?<br><br>*Интер белсенді тақтаға жұмбақтар шығады,жұмбақтарды табу арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын ашамыз.*<br><br>1. *Айтары мол ғұлама,*<br>*Көп жасасын бұл адам,*<br>*Әкесі ол әкеңнің*<br>*Білер оны сұраған.*<br>*Ол кім? (ата)*<br>2. *Дегенімді жасайтын*<br>*Қалған тамағымды асайтын*<br>*Ертіп алып жетектеп*<br>*«Немерем» – деп атайтын? (әже)* | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуал**<br><br>Оқушылар<br>дың пікірі тыңдалады<br><br>**Жұмбақтың шешуін тауып,шеңбер құрып бірге өлең шумақтарын қайталайды** | Компьютер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақ басы (13 мин) | **Волонтерлік іс** (лат. тілінен voluntarius — ерікті) – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады.<br><br>• Волонтерлік (ерікті) қызмет:<br>• Ағаш, өсімдіктер, көгалдар, түптерді отырғызып, өсіру;<br>• Азаматтардың мынадай сияқты әлеуметтік санаттарына көмек: егде адамдар, қамқорсыз бала-шағалар, баспанасыз адамдар, жастар, студенттер, мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер), бұрынғы тұтқындар, т.б;<br>• Жануарларға көмек, қорықтар мен хайуанаттар саябағына ерікті көмек;<br>• Ауланы, телімдерді, қалалық көшелерді абаттандыру;<br>• Салауатты өмір салтын насихаттау;<br>• Экологияны жақсарту: қоқыстарды жинау, сенбіліктерді ұйымдастыру т.б;<br>• Қайырымдылық концеттері мен театр қойылымдары;<br>• Нашақорлық, СПИД, жасөспірімнің айыпкерлігін алдын алуға арналған оқтаулы әңгімелерін жүргізу;<br><br>Волонтердің еңбегі ақысыз. Волонтерлер – тек альтруистер емес, олар тәжиребе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-катынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді. Көбінесе волонтерлік қызмет – төленетін жұмысқа жол салады, бұл жерде адам өзін жақсы жақтан көрсете алады, өзін әртүрлі қызмет аясында сынап көріп, өмірлік жолын анықтай алады.<br><br>Құрмет көрсетудің бір көрнісі карттарды сыйлау. Қазақ карттары жасына лайық аузы дуалы,сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей теңіз болып келеді. Әкеден ұл тусайшы,ата жолын қусайшы деп халық ұрпаққа ата мұрасын жалғастыруды уағыздайды.Ата ұрпағының қайырымды, мейірімді, ақылды , іскер болуын тілеп, сол үшін қамқорлық әрекеттерін жерге жеткенше дамыта береді, өнеге көрсетеді, өсиет айтады..Адам өмірінің мәні менсұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі-баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік парызын бір сәтте естен шығармауында.Қартайған ата-ана біле білсек, отбасының алып діңгегі, шаңырақтың құты.Қарт кісіні құт-береке деп таныса ң, ол ұрпақтың көрегендігі.Ұрпағы құрметтеген ата-ана әркашанда бақытты.Карттар-біздің қазынамыз. Қазақстанның өсіп- | Оқушы:<br><br>Неткен шіркін уақыт десеңші, осылайша ортамызда жүрген карияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде карттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы карттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді карттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.<br><br>Оқушы:Халқымыздың тәлім – тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, аталар ақылымен берісіп, өзіндік қасиетімізді қалыптастыру көзделген. Ендеше тақпақтар бөліміне құлақ түрелік.<br><br>Оқушы:<br>Аппақ шашың күн сайын қыланданған,<br>Зейнет емес бейнеттен арылмаған.<br>Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,<br>Қариялар өзіңді ел сыйлаған.<br>*Оқушы:*<br>*Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп,* | суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өнуіне.еліміздің тыныш, бейбіт өмір сүруіне өз үлестерін қосқан осы аяулы қарттарымыз.Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.Дүние кезек деген.Сендер де өмір бойы жас болып жүрмейсіңдер.Сендер ата-аналарыңды құрметтеп, сыйласаңдар, ертең сендерді де балаларың сыйлап, қадірлейтін болады.Атаңа не істесең-алдыңа сол келер деген қазақта дана сөз бар . | *тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.* | |
| Ортасы (20 мин) | **«Әке қадірі» бейнеролик.Бейнероликті тамашалап,талқылау**<br><br>Ән: «Ата- әже»<br>Қауіпсіздік сабағы<br>№ 5 САБАҚ. «НЕЛІКТЕН ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАРДА АТААНАЛАРҒА СЕНУ МАҢЫЗДЫСабақтың барысы 1. Кіріспе (2 минутқа дейін): Бейнені қарау: - Ата-аналарға деген сенім неге маңызды екенін талқылау.<br>2. Негізгі бөлім (6 минутқа дейін) Ата-аналарға сену өмірдегі қиындықтарды жеңудің маңызды ресурсы. Атаанаңызбен қарым-қатынасыңызды нығайту әрқашан олардың қолдауын сезінуді білдіреді. - Ата-аналармен сенімді қарым-қатынасты қалай орнатуға болады?<br>- Жасөспірім кезінде жасөспірімдер мен олардың ата-аналары арасындағы сенімді қарым-қатынас нағыз қиындық тудыруы мүмкін. - Жасөспірімдер тәуелсіздікке, еркін болуға ұмтылады және қоғамда өз орнын іздейді. Сонымен қатар ата-аналар балаларын қорғап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткісі келеді. - Сабырлы болыңыз. - Ашуланудан аулақ болыңыз, бұл жағдайды қиындатады. - Түсіністік танытыңыз. - Өзіңізді олардың орнына қойып, олардың себептерін түсінуге тырысыңыз. - Барлығын ойлауға уақыт беріңіз. - Диалогке дайын әрі ашық болыңыз. - Егер сіз бір жерде қателессеңіз, қателескеніңізді мойындаңыз. - Шынайы және ашық болыңыз.<br>3. Қорытынды (2 минутқа дейін) Сабақты қорытындылау «Сенім» тренингін өткізу | **Бейнероликті тамашалайды**<br><br>**Оқушылар ән шырқайды** | https://www.youtube.com/watch?v=9Ihn3UySyAc<br><br>**https://www.youtube.com/watch?v=33fxi28NdEU**<br><br>Пайдалы сілтеме:https://youtu.be/5PlDBvWOusI?si=hgUP36wzrkFclr6u |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы | **Қорытынды.**<br>«Бабаларым, рахмет сендерге!<br>Балаларым болмасын деп бос кеуде,<br>Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,<br>Өмірге мен мылқау болып енгенде<br>Бабаларым, рахмет сендерге!»,- деп Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз.<br>Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйлаңдар, қадірлеңдер! | Рефлексия жасайды.<br>*Сабақтан кейін қандай әсер алғанын, не сезінгенін, не ұнағанын айтып, алған әсерімен бөліседі* | презентация |

Бекітемін:
Бат

| | | |
|---|---|---|
| **Тәрбие сағаты** | | |
| **Күні** | 07.10.24 | |
| **Сынып жетекші:** | Бисембаева А | |
| **Сынып:** 8 "Д" | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **«Жол-көлік оқиғаларының себептері» ЖЖЕ №2 / «Ұстазым - ұлағатым, үлгі өнегем!»**<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>**№ 6-САБАҚ**<br>*8- сыныптар: «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек»* | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу. | |
| Қауіпсіздік сабағының мақсаты: | *Сабақтың мақсаты:кибербуллингінің не екенін, оның құрылымын және егер ол қатысушы болып шықса, қалай әрекет ету керектігін түсіну. Негізгі міндеттер: 1. Кибербуллингінің не екенін түсіндіріп, оның түрлерін түсіну. 2. Кибербуллингіге қатысушылардың рольдерін қарастырыңыз (агрессор, жәбірленуші, бақылаушы). 3. Балаларды кибербуллинг жағдайында дұрыс әрекет етуге және өзін-өзі қорғауға үйрету.* | |
| 2-апта дәйексөзі: | Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! | |
| Сабақтың барысы | | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі (7 мин) | **Ұйымдастыру кезені**<br>Психологиялық ахуал<br>Бір түрлі кәмпит алғандарды 1-топқа «», ал екіншісін таңдағандарды 2-топка «» тобына бөлемін.<br><br>1) Жүргіншілер деген кімдер? (көшеде жаяу жүрген адамдар)<br>2) Қала көшелерінде жаяу адамдар қандай жолмен жүруге тиіс? (тротуармен)<br>3) Тротуар деген не? (жаяу адамдарға арналған жол)<br>4) Автобусқа қай есіктен мініп, қай есіктен түседі? (алдан түсіп, арттан мінеді)<br>5) Адамға машинаны жүргізуге қандай құжат керек? (жүргізуші куәлігі)<br>6) Жолаушылар таситын қоғамдық көлікті қай жерден күтіп, міну керек (аялдамалардан)<br>7) Көлік жүріп келе жатқанда жолаушыға жүргізушімен сөйлесуге бола ма? (болмайды) | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді.<br>**Психологиялық ахуал**<br><br>Оқушылардың пікірі тыңдалады<br>Оқушылар сұраққа жауап береді<br><br>Бір біріне жол ережесі туралы сұрақ қояды<br><br>Оқушы жауабы<br>Қазіргі таңда автокөлік қоғамда өзіндік орны бар мүлікке айналып, жол қозғалысының ажырамас бір бөлігін құрайтыны сөзсіз. Бұл үдеріс біздің қаламызда да байқалады. Қазақстанда жол-көлік оқиғаларының басты себептерінің бірі жылдамдық талаптарын сақтамау болып табылады Жылдамдықты асыра пайдалану жол-көлік | Компьютер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | оқиғаларының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Жолдардағы орташа жылдамдықты бақылау және автоматты айыппұл салу жүйелерін енгізу арқылы Қазақстанда жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында маңызды қадамдар жасалуда. Бұл шаралар жол-көлік оқиғаларын азайтып, жолдардағы тәртіпті жақсартуға ықпал етеді деп күтілуде. | |
| Сабақ басы (13 мин) | Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз.<br>«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған.«Ұстаздан тәрбие алған » немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер « ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.<br>Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің » дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім – тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде еңбегі зор.<br>Шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз. | Сондықтанда ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.<br><br>Ассоцация құру<br><br>Ұстаз | суреттер<br> |
| Ортасы (10 мин) | Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде тұңғыш мектеп ашқан ағартушы-педагог. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген Ыбырай Алтынсарин. Өйткені мұғалім оқушыға білім береді, тәрбиелейді, ақыл айтады. Мұғалім оқушыны жақсылыққа, ізгілікке, бақытқа жетелейді. Мұғалім жас ұрпаққа өз өнерін, тәжірибесін, білімін үйретеді. Мұғалімнің еңбегі зор. Ол адамның өмірге деген сенімін арттырады, өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектеседі.<br>1-топ: ұстаз тақырыбындағы ақын-жазушылардың өлеңдерінен үзінді<br>2- топ: ұстаз тақырыбында мақал-мәтелдер, жұмбақтар айтады<br>Ұстазы жақсының ұстамы жақсы<br><br>Мектеп – білім тірегі,ұстаз – оның жүрегі.<br><br>Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла. | Оқушы:<br>Ұстаз болу – жүректің батырлығы,<br>Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,<br>Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,<br>Азбайтұғын адамның алтындығы –деп ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, біздің мектебімізде сөзі – маржан, үні – ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етемін.<br>Оқушы:<br>Күллі өмірін жеткіншекке арнаған<br>Мұғалімді ардақтайды барша жан<br>Ол мектептен шықпаса да қыс | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ана баланың тәнін шынықтырса,<br>Ұстаз баланың жанын шынықтырады.<br><br>Шәкірті жоқ ұстаз – мылқау ұстаз.<br>**Ыбырай Жақаев**<br>Әке мейірімінен ұстаз жәбірі жақсы.<br><br>Ұстаз талантты болса,<br>Шәкірті талапты болады.<br><br>Ұққаның жақсы болса —<br>Жақының көбейеді.<br>Ұстазың жақсы болса —<br>Ақылың көбейеді.<br><br>Өмірдің өзі — ұлы ұстаз.<br><br>Шәкірті зейінді келеді.<br>Ұстазы бейілді болса. | — жазы,<br>Жемісі оның жердің жүзін шарлаған<br>**Оқушы:**<br>Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!<br>Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.<br>Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,<br>Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.<br>**Оқушы:**<br>Әр сабағың өтіп жатыр білінбей,<br>Перне басқан оркестрдің үніндей<br>Әр баланың жүрегіне жол тауып,<br>Тұрасың сен, дирижер боп күлімдей.<br>**Оқушы**<br>Жалын атып, от боп, бірге жанасың,<br>Білім беріп, содан бақыт табасың<br>Бар өмірің өрнектеліп баламен,<br>Жасарып бір мәңгі жас боп қаласың<br>**Оқушы:**<br>Мұғалімді анамдай жақсы көрем,<br>Қиналамын қымбат теңеу таба алмай<br>Өз баласын тастап кетіп үйіне,<br>Ел баласын оқытады, ой Алла-ай.<br>**Оқушы:**<br>Мұғалімді жақсы көрем сезімтал,<br>Үлгі етемін өнегелі сөзін бал<br>Мұғалімнің мұғалімін танимын,<br>Көкіректе көретұғын көзім бар<br>**Оқушы:**<br>Ұстаздарға мың алғыс<br>Алғыстарым көп менің,<br>Асыл анам, мектебім!<br>Үйреткені адалдық,<br>Ұсынғаны адамдық,<br>Текті мінез, даналық<br>Бар ұстазға тілейміз:<br>Бақыт, табыс, амандық! | |